

«Мевлана» алмасу бағдарламасы

«Мевлана» алмасу бағдарламасы – Сэтбаев Университеті мен Түркияның серіктес университеттері арасында студенттер мен профессорлы-оқытушылар құрамының алмасуын көздейтін және Түркияның Жоғары білім беру кеңесі арқылы жартылай қаржыландыратын бағдарлама. Бұл бағдарлама бойынша студенттер Түркиядағы университеттердің бірінде бір немесе екі семестр бойы оқуға, ал оқытушылар – екі аптадан үш айға дейін аптасына кемінде 6 сағат дәріс оқуға мүмкіндік алады.

Қаржыландыру



«Мевлана» алмасу бағдарламасы аясында студенттер қабылдаушы университетке оқу ақысын төлемейді және ешқандай қосымша шығын шығармайды, бірақ келген оқу орнында (егер де олар ақылы бөлімнің студенттері болса), оқу ақысын міндетті түрде төлейді.



«Мевлана» алмасу бағдарламасы студенттерді Түркияның Жоғары білім беру кеңесінің (ҮОК) қолдауымен ай сайын 1200–1300 TL көлеміндегі шәкіртақымен қоса, тегін оқумен қамтамасыз етіп отырады. Шәкіртақы студенттер қабылдаушы университетке келгеннен кейін 4 ай бойы ай сайын үздіксіз төленіп тұрады.



«Мевлана» бағдарламасы аясында оқытушыларға тәуліктік күнкөріс шығыны үшін күніне 45–55 TL көлемінде қаражат бөлініп тұрады. Сондай-ақ көлік шығындарын өтеу үшін 3000-3500 TL мөлшерінде қаражат төлеу қарастырылған.

«Мевлана» алмасу бағдарламасына қатысу үшін қойылатын талаптар:

- ✓ ҚР-ның азаматтығы болуы керек;
- ✓ Осыған дейін «Мевлана» алмасу бағдарламасына қатыспаған болуы керек;
- ✓ Ағылшын және түрік тілдерін жақсы меңгерген болуы керек.

Студенттерге қойылатын талаптар:

- ✓ GPA орташа баллы жоғары болуы керек:
 - Бакалавриат: 4,0-ден кем дегенде 2,5;
 - Магистратура мен докторантура үшін: 4,0-ден кем дегенде 3,00 болу керек.

Қажетті құжаттар тізімі:



Студенттер үшін:

- ✓ ҚР азаматы төлқұжатының көшірмесі (төлқұжат жоқ болса, жеке куәлігінің көшірмесі);
- ✓ Толтырылған анкета;
- ✓ Транскрипт және оқу орнынан алынған анықтама;
- ✓ Тілді (ағылшын және түрік тілін) білетіндігі жөнінде сертификат.

Оқытушылар үшін:

- ✓ ҚР азаматы төлқұжатының көшірмесі (төлқұжат жоқ болса, жеке куәлігінің көшірмесі);
- ✓ Жарыққа шыққан жарияланымдар тізімі және түйіндеме;
- ✓ Дәрістер/семинарлар жоспары;
- ✓ Тілді (ағылшын және түрік тілін) білетіндігі жөнінде сертификат.

